

"Теміртау электрометаллургиялық комбинаты" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін республикалық меншіктен Қарағанды облысының коммуналдық меншігіне беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 6 қазандағы № 1031 Қаулысы

«Мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екінші түріне беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 қаңтардағы № 81 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. «Теміртау электрометаллургиялық комбинаты» акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакеті республикалық меншіктен Қарағанды облысының коммуналдық меншігіне берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қарағанды облысының әкімдігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов